ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 04 қараша №7119-24-00-2/13387 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Утегенова,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ

ЖАУАПКЕРЛЕР:
"Сабырбаева" жеке кәсіпкер
"Табыс Профит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ (бұдан әрі – Талап қоюшы) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы: «Сабырбаев» жеке кәсіпкермен жалпы сомасы 256 450.00 (екі жүз елу алты мың төрт жүз елу тенге нөл тиын) теңгеге тауар (дем шығаратын ауадағы алкоголь анализаторы) жеткізуге 2024 жылғы 08 тамыздағы №689 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі –Шарт) жасады.

Шарттың талаптарына сәйкес Жауапкер 20 күнтізбелік күн ішінде тауарларды жеткізуді және Талап қоюшының өтінімдері бойынша жұмыстарды дереу орындауды жүзеге асыруға және олардың аталған Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшеліктердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенді.

2024 жылғы 09 тамызда Жауапкерге 2024 жылғы 29 тамызға дейін жеткізу мерзімімен тауарды жеткізуге арналған өтінім портал арқылы жіберілді. Алайда Жауапкер тауарды осы мерзімге әкелген жоқ. Осы себепке

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 04.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 21.01.2025
7119-24-3-1/12809

байланысты Талапкер 2024 жылғы 23 қыркүйекте Шартты мерзімінен бұрын бұзды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізгі ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт талаптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Алайда, көрсетілген мерзімде жауапкер міндеттемесін орындамаған.

Жасалған шарттың негізінде тауар жеткізу мәселелері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 458-бабымен реттеледі.

Іс материалдарына сүйенсек, шарт жасалғаннан кейін ЖШС тарапынан міндеттемелер орындалған, алайда көрсетілген мерзімде шартты орындамаған.

Мұндай мән-жайларда ЖШС расында да шарттың талаптарын бұзған және тауарды жеткізбеген, яғни АК-нің 272, 273-баптарының шарттық міндеттемелерді тиісінше орындауға қатысты талаптарын тиісінше басшылыққа алмаған және сәйкесінше оның әрекетінде АК-нің 349-бабына сай бұзушылық бар.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

«Табыс Профит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы сомасы 480 000.00 (төрт жүз сексен мың теңге нөл тиын) теңгеге шыны қалқаларды дайындау және монтаждау бойынша құрылысқа байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 06 тамыздағы №698 шарт (бұдан әрі –Шарт) жасады.

2024 жылғы 07 тамызда Жауапкерге 2024 жылғы 27 тамызға дейін жасау мерзімімен жұмысты жасауға өтінім портал арқылы жіберілді.

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 04.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 21.01.2025
7119-24-3-1/12809

Соған байланысты талап қоюмен сотқа жүгінген және жауапкерді қабылданған шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Істің материалдарын зерттеп, сот келесіге келді.

АІЖК 6-бабының 5-тармағына сәйкес, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Азаматтық кодекстің (ары қарай - АК) 272-бабына сәйкес Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Алайда, қазіргі уақытта тауарды жеткізілген, яғни міндеттемелер тиісті актісімен қабылданған.

Осыған орай, аталған істі қарау барысында талап қоюда көрсетілген шарт талаптары жауапкермен орындалғанын ескере отырып, сот жауапкерді қазіргі уақытта осы талап қою бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз жоқ деп есептейді.

Ал талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі ішінара қанағаттандырылуға жатады.

АК-нің 293 бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Осылайша, серіктестіктің Тапсырыс беруші алдындағы шарттық міндеттемелерді толық орындауына, Тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауына байланысты мердігерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға және мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығыстарын өндіріп алуға негіз жоқ.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатпайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 267-1 – 267-4 -баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ жауапкерлер "Сабырбаева" ЖК, "Табыс Профит" ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 04.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 21.01.2025
7119-24-3-1/12809

Жауапкер "Сабырбаева" ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер "Сабырбаева" ЖК мемлекет кірісіне 1 846 (бір мыңсегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамның жауапкер ""Табыс Профит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызын қанағаттандырудан - бас тартылсын.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Утегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2024, судья Утегенова А. М., 21.01.2025

7119-24-3-1/12809